

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Басқарушы кеңесінің 2018 жылғы 27 наурыздағы шешімімен бекітілген Сатып алу саясаты мен рәсімдерінің 4-тарауы «Мамандандырылған өнім берушілердің тізілімін жүргізуді іріктеу рәсімдері»

4. МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ӨНІМ БЕРУШІЛЕРДІҢ ТІЗІЛІМІН ЖҮРГІЗУДІ ІРІКТЕУ РӘСІМДЕРІ

4.1. Мамандандырылған өнім берушілерді іріктеу тәртібі

1) Мамандандырылған өнім берушілерді іріктеу дамыған бәсекелестігі бар нарықтарда жүргізіледі.

2) Мамандандырылған өнім берушілерді іріктеуге қатысуға жеке кәсіпкерлер мен Мамандандырылған өнім берушілерді іріктеу жөніндегі комиссия мақұлдаған қосымша критерийлерге және мына ең төменгі талаптарға сәйкес келетін ұйымдар шақырылады:

тиісті нарықта жұмыс тәжірибесінің бар болуы;

өнім берушінің шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау қабілетіне ықпал етуі мүмкін елеулі берешегі мен басқа да міндеттемелерінің болмауы;

Тапсырыс берушіге кесімді бағамен немесе шартты бағамен бірге каталогтарды ұсына отырып, НК негізінде тауарларды жеткізуді, қызметтерді көрсетуді және жұмыстарды орындауды жүзеге асыруға келісім.

3) Мамандандырылған өнім берушілерді іріктеу жөніндегі комиссия мамандандырылған өнім берушілерді іріктеу үшін қосымша критерийлерді мақұлдайды.

4) Егер мамандандырылған өнім берушілерді тартуға жоспарланған кезең ішінде тиісті тауарларды, жұмыстарды немесе қызметтерді сатып алу үшін Университетте қаражат болмаса, мамандандырылған өнім берушілерді іріктеу процесі жарияланбайды.

5) Мамандандырылған өнім берушілерді іріктеу жөніндегі комиссия сатып алу саласында үйлестіру мен бақылауға уәкілетті басшының шешімі бойынша құрылады.

6) Комиссияның құрамы 5 (бес) адамнан кем болмауы тиіс және төрағадан, төрағаның орынбасарынан және комиссияның басқа да мүшелерінен тұрады.

7) Комиссияның отырыстары комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілігі қатысқан жағдайда өткізіледі.

8) Төраға болмаған кезде оның функцияларын комиссия төрағасының орынбасары орындайды.

9) Комиссия мүшесі болмаған жағдайда, хаттамада оның болмау себебі көрсетіледі.

10) Комиссияның шешімі ашық дауыспен қабылданады және отырысқа қатысқан комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс бергенде қабылданған болып саналады.

11) Дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданған болып саналады.

12) Комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда комиссияның мүшесі ерекше пікір білдіруге құқылы, ол жазбаша түрде баяндалуы және комиссия отырысының хаттамасына қоса берілуі тиіс.

13) Комиссия мүшелерінің бірінде мүдделер қақтығысы болған жағдайда осы тұлға бұл туралы хатшыны хабардар етеді, бұл туралы хаттамада жазылады. Бұл ретте осы тұлға комиссияның шешім қабылдауына қатыспайды.

14) Комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің белгіленген топтары бойынша мамандандырылған өнім берушілерден сатып алуды пайдалану туралы ЖБД-ның ұсыныстарын мақұлдайды;

іріктеудің қосымша критерийлерінің жобаларын мақұлдайды және қажеттілігіне қарай критерийлер жобаларына өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

мамандандырылған өнім берушілерді іріктеу туралы шешім қабылдайды.

15) Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді.

16) Комиссияның ұйымдастыру қызметін комиссия мүшесі болып табылмайтын және комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы жоқ хатшы қамтамасыз етеді.

17) Комиссияның хатшысы ЖБД қызметкерлерінің қатарынан тағайындалады.

18) Комиссияның хатшысы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

комиссия отырыстарының хаттамаларын жүргізеді;

«Назарбаев Университеті» ішкі құжаттарына сәйкес материалдардың сақталуын қамтамасыз етеді.

19) Мамандандырылған өнім берушілерден сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың немесе қызметтердің топтарын анықтау бойынша ұсыныстар ЖБД-ға комиссияның қарауы үшін енгізіледі. Мүдделі тұлғалар мамандандырылған өнім берушілердің тізбесі бойынша өз ұсыныстарын ЖБД-ға жібере алады.

20) ЖБД мамандандырылған өнім берушілерді іріктеуді ұйымдастырады.

21) Іріктеуді өткізу туралы хабарландыру мен іріктеу талаптары бар құжаттама пакеті ЖБД-да ресімделеді және орналастырылады. Мамандандырылған өнім берушілерді іріктеу талаптары хабарландыруда көрсетіледі.

22) Мамандандырылған өнім берушілерді іріктеу туралы хабарландыру ЭСП және/немесе Университеттің интернет ресурсында орналасуы мүмкін.

23) Қажет болған жағдайда ЖБД орналасқан жеріне барып объектіні көзбен қарап тексеру жүргізуге құқылы. Көзбен қарап тексеру жүргізу кезінде ЖБД және бастамашының уәкілетті өкілі жазбаша түрде объектіні тексеру мәніне қорытынды жасайды.

24) ЖБД үміткерлерді іріктеу талаптарына сәйкес келетін мамандандырылған өнім берушілер тізбесіне енгізу үшін бағалайды.

25) ЖБД бағалаудың негізінде Комиссияның қарауына мамандандырылған өнім берушілерді іріктеу бойынша ұсынымдар енгізеді.

26) Әлеуетті өнім берушілер келесі жағдайларда тізілімге кіруге жатпайды:

іріктеу критерийлеріне сәйкес болмағанда және/немесе көзбен қарап тексеру жүргізу нәтижелері бойынша жағымсыз қорытынды жасалғанда;

«Назарбаев Университеті» сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесінде болғанда;

әлеуетті өнім беруші тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) тиісті түріне өтініш берген басқа әлеуетті өнім берушінің үлестес тұлғасы болып табылған жағдайда, әлеуетті өнім берушілер тізбесіне енгізілуге жатпайды.

27) Комиссияның оң шешімі бар әлеуетті өнім берушілер НК жасасуға шақырылады.

28) НК жасалған соң мамандандырылған өнім беруші мамандандырылған өнім берушілердің тізбесіне енгізіледі.

29) Тізбе ЖБД басшысы бекіткен нысан бойынша ЖБД-да қалыптастырылады.

30) Мамандандырылған өнім берушілер, әдетте, күнтізбелік бір жылға тізбеге енгізіледі. Кезең өткен соң ЖБД мамандандырылған өнім берушілердің жұмысын талдаудың негізінде мамандандырылған өнім берушінің тізбесінде болу мерзімін тағы да бір күнтізбелік жылға ұзартуды комиссияға ұсына алады. Мерзімді ұзартулар саны шектелмеген.

31) Мамандандырылған өнім беруші Университетке хабарлама жіберу арқылы тізбеде болу кезеңін ұзартпауға құқылы.
